



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ұстайды. Бұл қарсы жаққа деген құрмет, ілтипат ишараты болып саналады. Бұл сонау Чин патшалығынан қазірге дейін жалғасып келе жатқан әдет. Шынында шай адамдар арасындағы қарым қатынастың дәнекері, адамдар тілдестігіндегі тамаша көпір іспетті, шай іше отырып бір жағынан тамаша әңгіме дукенін құрып ауыз сөз жүзінде болсада, біраз шаруаның басын қайыруға, әрі көңіл күйді де теңшеп жадырап қалуға болады, сондықтан да қытайда «шай көңілді тазартады», «шай ішсең көңілің жай»- деген тәмсіл тараған. Міне осыдан да шай мәдениетінің адамның заттық және рухани дуниесіне берер ықпалының зор екенін аңғаруға болады.[1.56]

Қытайда Таң дәуірінен бері шай ішу мәдениет деңгейін көтеру, шай сапасын арттыру мақсатында әр түрлі жарыстар, жәрмеңкелер ұйымдастырылып отырған, оған шенді шекпенді адамдардан тартып қарапайым халықа дейін қатысып отырған, онда шайға істететін судың өзін аса зор талғампаздықпен талдаған, өзен, көл, құдық емес қайта бұлақтың жұмсақ таза минерал суын істетуге тырысқан, ал ыдысқа келсек онда шайдың түріне байланысты өзгеріп отырған, мәселен гүл шайларға фарфор шәугім пайдаланған болса, ал көк шайға әйнек ыдыстар істеткен, қызыл шайға чау тау ыдыстарын істеткен. Қазірде зы чау ху шәйнегі, тибет ыдысы, ияң ху ыдысы сынды арнайы шайға істетілетін ыдыстар өз құндылығын әлі де жоғалтпай сақтаумен біреге жоғары деңгейде даму сатысына көтерілген. Солайша жүңгоша өмір сүрудің аса талғампаз дағдысына айналған.

Расында қытайда шайды тілге тиек еткенде шайхана көз алдыңызға елестемей қоймайды, Қытайда шайхана ол кеңінен тараған танымал қызымет көрсету саласы болып табылады. Әсіресе жиаңнан да үлкенді кішілі қала, ауыл, аймақтың бәрінде дерліктей жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан ұлттық бояуы қанық шайханаларды да, жаңа заманға сай жабдықталып өзгерген шайханаларды да кездестіруге болады, онда жиналған адамдар тек шай ішіп қана қоймай ол жерді бір жағынан музыка тыңдап, әңгіме айтатын мекенге айналдырса, енді бір жағынан демалып көңіл көтеретін мәдени орынға айналдырған, әр жылдың 24 мамыры шай мерекесі фестивалі деп тойлану дағыдаға айналған. Қысқасы қытай өздерінің шай мәдениет рухын жинақтап төмендегідей төртке түйіндеген: 中华茶道精神是 1.清 purity 2.敬 respect 3.怡 harmony joyful 4.真 really яғни, тазалық, құрмет, саулық, шынайылық деп жинақтаған.[3.227]

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, Қытайдың шай мәдениеті қытайдың дәстүрлі мәдениетінің құрамдас бөлігі, әр елдің шай мәдениетінің алтын бесігі саналады. Демек сан ғасырлық мәдениетке айналған елдің озығын алып бізде шайды ғылыми талғаммен талдап, дұрыс ішуді үйреніп салауатты өмір салтын сақтауға тырысайық.....

Қолданылған әдебиет

- 1.中国饮食, 刘军, 2012 年 10 月第 1 版, 五洲出版社 (48-56)
2. wk.baidu.com/view
- 3.中国文化常识, 国家汉语国际推广领导小组办公室, 北京, 华语教学出版社 2006 年 11 月 (221-227)

ӘОЖ 1(510)

ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мырзабай Ақмарал Құралбайқызы

akamaka96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті Филология факультеті Қытай тілі кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Құлманова Құралай

Қытай философиясы – ұзақ тарихи жылдарға созылған дәстүрі бар. Оның шығу тарихы б.з.д. 1 мыңжылдықты қамтиды. Б.з.д 8-5 ғасырлардың өзінде-ақ стихияның бес оқу түрі

немесе табиғаттың бастапқы элементтерін оқып үйрену кең тарады. Ежелгі қытайтанушы ойшылдар атап көрсеткендей бес «алғашқы негіз»: су, от, металл, ағаш және жер – барлық нәрсенің бастамасы болып табылады. Сондай-ақ шын өмірдің басқада «алғашқы негіз» жүйелері де болған. «Ицзин» кітабында әр-түрлі жағдаятқа негізделген сегіз «алғашқы негіз» жазылып көрсетілген. Осы жазылып кеткен негіздер қытай философиясының дамуына зор үлес қосқан. Қарама-қарсы өзара күштер, яғни инь және ян жайлы айтылған. Бұл жарық пен қараңғылықтың, ер мен әйелдің белгісі. Б.з.д 5-3 ғғ аралығында ежелгі қытай философиясы одан ары қарай дамыды. Дәл осы ғасырларда ең басты философиялық мектептер: даосизм (Лауцзы и Чжуанцзы). Конфуцияндық моистік мектептер (Моцзы және оның із басарлары) дүниеге келеді. Көптеген ежелгі қытай ойшылдары осы мәселелердің шешіміне, шын мәніндегі түсінігіне қызығушылық білдіртті. Моцзы, Сюанцзы сондай-ақ басқада ойшылдар ұғымдар объективті құбылыстар мен заттардың көрінісі болып табылады деп сенген. Мәселенің идеалистік бағыты Гуньсун Лун кітабында өзінің әйгілі түсіндірмелерімен танымалдыққа ие. Оның «атаулар» жайлы оқулығында Платонның «идеялар» ілімдерімен ортақ мәселелері өте көп.

Буддизм 7-10 ғасырларда қаланған ең көп таралған дін болып табылады. 10-13 ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесі, Қытай философиясының гүлденуіне үлкен себеп болады. Буддизм мен даосизмнің әсері онтология, натурфилософтық және космогондық сұрақтар қамтылған конфуциандық және неоконфуциандық деп аталатын ілімдердің жандануына үлесін тигізді. Өзекті проблема болып Ли (заңы, принципі) және материалдық бастама Ци (алғашқы материя) болып саналды. Алғашқы неоконфуциандық өкілеттіктер Чжоу Дуньннің, Чжай Цзайдың материализм тұрғысынан саяды. Неоконфуциандықтың конструкцияны дамыту Чжу Си Цзиньпинмен тиесілі. Ли және Ци екеуінің арасында қандай да болсын байланыс бар ма деген сұраққа Чжу Си ли бастапқы, ал ци екінші орында деп жауап қатқан. Неоконфуциандықтағы субъективті идеализм Лу Цзююань және Ван Шоуженнің ары қарай дамуына әсерін тигізді. Және де Лу Цзююаньнің «Әлем менің жүрегім, ал жүрегім менің әлемім» деп айтып кеткен. Көне Қытайдың негізгі философиялық ескерткіштері: «И цзин» -Өзгерістер кітабы», «Ши цзин» — «Өлеңдер кітабы», «Шу цзин» — «Тарих кітабы». «И цзин» — «Өзгерістер кітабы» — бүкіл Қытай мәдениетінің қалып-тасуына зор әсер еткен, маңызын әлі күнге дейін жоймаған шығарма. Кейбір зерттеушілер оны қасиетті кітап деп есептеп, Ведалармен, Інжіл. Құранмен бір сатыға қояды. Ғалымдардың айтуынша, «И цзин» ертеден келе жатқан бал ашу практикасымен байланысты пайда болып, даму барысында философиялық пайымдаудың негізіне айналған. Философиялық ескерткіштердің арасындағы ең көнесі болмаса да, бұл кітап Қытай философиясының бастауы болды деуге болады, бірақ оның түсінуге қиын мәтіндерінің мазмұны әлі күнге дейін толық ашыла қоймады. «И цзин» 64 гексаграммалардан тұрады, олардың жүйесі үнемі өзгеріп отыратын дүние-нің 64 күйі мен құрылымынан тұратын, Көк — Жер — Адам қатынасын білдіретін ілімді құрайды деп түсіндіріледі. Шығармада Қытай философиясының негізгі категориялары қалыптасқан, олар арқылы адамның өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы, кеңістік, уақыт, табиғи құбылыстар, әлеуметтік өзгерістер туралы түсініктері бейнеленіп, Қытай қоғамының дәстүрлі көзқарастарының теориялық негізі қаланған деуге болады. «Ши цзин» — «Өлеңдер кітабы» 305 поэтикалық шығармалардан тұрады. Олардың қай кезеңдерде жазылғанын дәл басып айту қиын, қазіргі заманғы ғалымдар бұл өлеңдер шамамен біздің дәуірімізге дейінгі XI -VII ғасырларда, Қытайда философиялық мектептер әлі қалыптасып үлгермеген уақытта жазылған, кейінірек Конфуций өлеңдерді іріктеп, өңдеп, өзінің философиялық ілімінде қолданған, ал оның шәкірттері Конфуций мектебінің негізгі кітабына айналдырған деген болжам айтады. «Ши цзинді» басқа философиялық мектептер де зерттеді. «Өлеңдер кітабын-да» Көне Қытай қоғамындағы ван, дафу, чжухоу топтарының өмірі, адамгершілік келбеті, әлеуметтік қызметі жырланады. «Шу цзин» — «Тарих кітабы» немесе «Құжаттар кітабы». Кітапты алғаш рет Конфуций құрастырды, содан соң әр түрлі ғұламалар оны бірнеше рет өзгертті (олардың кейбіреулері кітапқа өз мәтіндерін де қосып, араластырып жіберген), кейбір бөліктері біздің

дәуірімізге дейінгі 213 жылы кітаптар өртелген кезде отқа жағылды деген сыбыстар да бар. Атынан көрініп тұрғандай, кітаптың тарихи мазмұны басымырақ, дегенмен философиялық көзқарастар да (әсіресе, Конфуций мектебіне тән) көп жолықтыруға болады. Мәтіндердің басым бөлігінің мазмұны кітаптың өте ерте, көрнекті Қытай философтары дүниеге келместен бұрын пайда болғанын дәлелдейді. Қазір «Шу цзиннің» 55 тарауы бар, олардың арасында 33 тарауының нақты «Шу цзин» кітабының алғашқы нұсқасына жататыны анықталған.[1] Кітапта қарастырылатын негізгі мәселелер: адам және қоғам, адам және табиғат арасындағы үндестік, ата-баба салттары, Көктің адам мен қоғамға айқындаушы әсері және т.б. Көне Қытай философиясының негізгі мектептері: Конфуций мектебі, даосизм, легизм, моиз, натурфилософия және номиналистер мектебі.

Олардың арасындағы бастысы — Конфуций мектебі болды деуге болады, оның біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтан бастап, XX ғасырдың басына дейін Қытай мемлекетінің ресми идеологиясы қызметін атқарғаны бұл пікіріміздің дәлелі болады. Көне Қытай философиясының негізгі ұғымдары-

Адамды сүю (жэнь) — Конфуций философиясының маңызды категориясы. Ең әуелі әке мен ұлдың, билеуші мен шенеуніктердің, дос адамдардың, аға-інінің арасындағы қарым-қатынастарды бейнелей келе, сонан соң ғана жалпы адамдар арасындағы сүйіспеншілікті білдіреді. Алтын орта (чжун юн) — Конфуций философиясының басты ұғымдарының бірі. Бұл жетілген мораль үлгісі, адам еш нәрседен де шектен шығып кетпеуі керек дегенді білдіреді. Мысалы, тым қызба немесе тым жай болған дұрыс емес, орташа күйді сақтауға ұмтылу керек. Конфуций бұл ұғымды ағашты мысалға ала отырып түсіндіреді. Оның жоғарғы жағында орналасқан жапырақтарға жаңбыр мен күннің әсері тез жетеді, төмендегі жапырақтарға да аса ыңғайлы емес. Ең дұрысы, ортада орналасқан жапырақ болу. Алтын ортаға жету қиын, бірақ оған жеткен адам мәнді өмір сүреді. Асыл адам, бекзат адам (цзюнь-цзы) — адамгершілігі жоғары, жан-жақты жетілген, «алтын ортаға» жеткен, ізеттілік, шыншылдық, сақтық секілді қасиеттерге ие және басқа адамдардың адамгершіліктік жетілуіне көмектесуші адам. Конфуцийдің пікірінше, мұндай қасиеттерге мемлекетті билеуші, басқарушы адам ие. «Асыл адамдар» көбейген сайын қоғам да жақсара түседі, мемлекетті басқару да жеңілдейді. «Асыл адамдардың» үлгісі зорлық арқылы бағындырудан әлдеқайда бағалы, себебі халықта үрей, қорқыныш емес. ез басшыларына деген сенім пайда болады. Бұл ұғымға қарсы ұғым — «темен адам» ұғымы. Дао — дұрыс жол, космостық және адамгершіліктік заң,[2] Қытай фило-софиясының басты категориясы, ол басқа категориялардың бәрін қамтиды. Дао өзінен өзі дамитын универсумның жоғарғы принципі, барлық бар нәрселердің алғашқы бастауы, дүниенің генетикалық бірлігі ретінде түсіндіріледі: бәрі одан туындайды және бәрі оған қайта оралады. Сонымен қатар, дао — универсалдық заңдылық: Көктің өзі дао заңдарына бағынады, яғни, адам Жер мен Көк заңдары арқылы дао жолымен жүреді, адамның өмірлік мақсат-міндеті — даоны игеру, яғни, дұрыс өмір сүру. Ди — ағаны сыйлау. Инь және Ян — этимологиялық мағынасы «төбенің немесе өзен жағасының көлеңкесі мен күнгейі» дегенді білдіреді. Инь мен Ян дүниедегі ретсіздіктерді тәртіпке келтіруші Көк пен Жер күштері ретінде қарастырылады. Олар бір-біріне қарама-қарсы, бірақ олардың үндесіп, бірігуі бар нәрсенің бәрін басқаратын адамды дүниеге әкелді, Инь — дүниенің раци-ональдік, «әйелдік» бастауы, Ян — бейсаналық, «ер адамдық» бастауы деп түсініледі. Қытай философиясында Инь мен Янның өзара әсерінен табиғат құбылыстары да, қоғамдағы өзгерістер де туындап отырады деп тұжырымдалады. Ли — ритуал, салт, этикет. Сяо — ата-ананы құрметтеу. Тянься — (орысша «Поднебесная»), «Кекасты», Қытай елінің, мемлекетінің синонимі, қытайлықтар өздерін қазірге дейін осылай атайды.[3] Көк немесе Аспан ұғымы Қытай философиясында жер бетіндегі барлық бар нәрсенің алғашқы негізі және алғашқы себебі, ең күдіретті күш. Адамдардың тағдыры мен өмірін де, мемлекет істері мен табиғат құбылыстарын да анықтаушы және реттеуші Көк, ал мемлекетті билеуші оның жердегі өкілі, сондықтан да әрбір адам Көкке табынуға міндетті. Ци — этимологиялық мағынасы «пісіп жатқан күріштің буы». дегенді білдіреді, бірнеше мағынаға ие: белгісіз, сапасы жоқ алғашқы зат; дүниеден жоғары космостық субстанциядан ұшып шығып жатқан

нәрсе; алғашқы материалдық-элементтер-денелер, атомдар және т.б. Ци алғашында тұтасып кеткен субстанциялардан тұрды, кейінірек таза мен бұлдырға -Инь мен Янға бөлінді деген түсінік қалыптасқан. Жалпы алғанда, Қытай философиясының негізгі философиялық категориялары тарихи даму барысында көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ, жалпы Қытай қоғамы мен Қытай философиясы секілді салыстырмалы түрде тұрақты, консервативті болды. Көне Қытай философиясының негізгі өкілдері:

Конфуций — Кун-Фу-цзы («Кун Үстаз») — біздің дәуірімізге дейінгі 551-479 жылдары өмір сүрген, көне Қытай философиясының ең көрнекті өкілі, «қызмет етушілер философиясы» деген атауға ие болған философиялық мектептің — Конфуцийшілдіктің негізін қалаушы. Бұл мектеп алғашында жу — «ғалым-интеллектуалдар мектебінің ілімі» деп аталды. Өзінің философиялық мектебін Конфуций өмірлік тәжірибе жинақтап, адамға қажетті алты өнерді — салттарды білу, музыканы түсіну, садақ ата білу, күйме арба айдау, жаза және санай білу істерін меңгерген, әбден кемелденген жасында құрды деп есептеледі. Өзінің қоғамдағы рөлін Конфуций әте қарапайым бағалап, өзін жаңа ілімді жасаушы емес, көне данышпандардың (шэн) «Шу цзин» және «Ши цзин» кітаптарындағы даналығын халыққа жеткізуші ғанамын деп түсінген. «Лунь юй» («Әңгімелер мен пікірлер») еңбегі Конфуций туындысы ретінде қабылданады. Оның негізгі мазмұны — мемлекет пен жеке адамды жан-жақты жетілдіру жолдарын көрсету. Конфуцийдің пікірінше, мемлекеттің жақсы болмағы оны құрап отырған адамдарға байланысты, сондықтан да жеке адамның міндеті — мемлекетке, өзіне жоғары тұрған адамға қызмет ету

Лао-цзы (ЛиДань) — даосизм ілімін қалыптастырушы, біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларда өмір сүрген, кейінірек мифологиялық тұлғаға айналған. Қытай философиясы тарихында алатын орны ерекше. Оның ілімін зерттеушілер Лао-цзы Конфуцийдің замандасы болды, ал оның көзқарастары «Дао дэ цзин» шығармасында жинақталған, бұл шығарманы Лаоцзының шәкірттері жазған болуы да мүмкін деген болжам-пікірлер айтады. Лао-цзы даоны болмыстың алғашқы себебі, мәңгілік, өзгермейтін бастауы деп түсіндірді. Адам ойлаудада, іс-әрекетінде де осы дао жолын ұстануы, яғни «у -вэймен» айналысуы қажет. «У-вэй» «тыныш келісу» дегенді білдіреді, кейінірек «әрекетсіздік, ештеңеге араласпау» деген қазіргі мағынасында түсініле бастады.

Мо-цзы (МоДи) — моистер мектебінің негізін салушы, біздің дәуірімізге дейінгі 479-400 жылдары өмір сүрген. Конфуций іліміне қарсы Моцзы «адамды сүю» идеясын басты деп түсінді. Оның ойынша, елдегі жағымсыз құбылыстардың себебі — адамдардың бірін-бірі жақсы көрмеуі. Адам өзін ғана сүйсе, мұндай эгоизм мемлекетке зұлымдық әкеледі. Ол өз пайдасын ғана ойламай, қоғамдағы басқа адамдардың да қамын ойласа, жеке пайда жалпы пайдаға ұласып, мемлекетте тыныштық орнайды. Моцзы елдегі ретсіздіктердің негізі кедейліктен басталады деп есептеп, адамдарды тынымсыз еңбек етуге шақырады, еңбектенген адамның кедей болуы мүмкін еместігін дәлелдеуге тырысады. Оның негізгі тұжырымдары «Моцзы» еңбегінде баяндалған.

Мэн-цзы (Мэн Кэ) — Конфуций ілімін жалғастырушы, Қытай тарих-шыларының мәліметтері бойынша ол Конфуцийдің немересі Цзы Сыдың шәкірті болған. Өмір сүрген жылдары — біздің дәуірімізге дейінгі 372-289 жылдар. Конфуций ілімін дамытып қана қоймай, оны тереңдетті және жалпы Қытай философиясының дамуына үлкен үлес қосты. Оның ілімінің негізі — төрт адамгершілік бастау: адамды сүю, парыз, салттарды орындауға ұмтылу және ақыл-данылыққа ие адам табиғатының мейірімділігі. Қытай философиясы туралы ойларымызды қорытындыласақ, өзінің маңызын әлі күнге дейін жоймаған, қазіргі заманғы Қытай мемлекетінің қалыптасып-дамуына ерекше әсер еткен, жалпы алғанда мемлекет мүддесін жеке адам мүддесінен жоғары қойып, адамгершілік мәселелерін зерттеген философия болды деуге болады.

Қолданылған әдебиет

1. Ежелгі шығыс мәдениеті Қ. Жамалов
2. Китайская цивилизация. Малявин З.В.

УДК 811.581'35

УПОТРЕБЛЕНИЕ ЧАСТИЦЫ 了 В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Ораз Назерке Тлеубекқызы

nazeka53@mail.ru

Студентка кафедры китайской филологии Филологического факультета ЕНУ имени
Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Научный руководитель: Исакова М.С.

Частица 了 [le] в китайском языке встречается очень часто, верное понимание её значения крайне важно для правильного восприятия смысла в целом. Частица 了 существует:

- для усиления прилагательных;
- как модальная частица;
- как перфектная частица;
- иногда бывает так, что 了 — это вовсе не [le].

了 для усиления прилагательных

Самый часто встречающийся вариант использования 了 — это эмоциональное усиление прилагательных. Оно делается по структурам:

太 (прил.) 了

(прил.) 极了

(прил.) 死了

可 (прил.) 了

Все эти структуры используются для доведения прилагательных до крайней степени, в каждом из них обязательно использование частицы 了. При этом структура 太 (прил.) 了 также используется, чтобы выразить избыток чего-либо, а структура (прил.) 极了 употребляется только с положительными прилагательными, в то время, как (прил.) 死了 обычно несёт негативный оттенок.

Примеры эмоционального усиления прилагательных при помощи частицы 了:

太棒了!

tài bàng le!

Супер! / Фантастика!

你的汉语好极了。

nǐ de hànyǔ hǎo jí le.

Твойкитайскийоченьхорош!

我们饿死了!

wǒmen è sǐ le!

Мы так голодны, сил нет!

В отрицательных предложениях в русском языке используется словосочетание «больше не», в то время, как в китайском всё та же 了.

Еще для примера можно привести короткую, но ёмкую фразу на китайском 不要 [bùyào] («не надо»), которая лучше любых слов отпугивает прилипчивых уличных торговцев. Если вы присоедините к этой фразе частицу 了, то появится дополнительный смысл – «не надо, у меня уже есть». [1, 125]

Модальная частица 了

От глагольного суффикса 了 надо отличать модальную частицу 了 – которая ставится в конце предложения и обозначает изменение состояния, другими словами, сообщает о том,